

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті		Нысанның БҚСЖ бойынша коды КҰЖЖ бойынша ұйым коды
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы « 30 » мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 015/е нысанды медициналық құжаттама

«Шығыс Қазақстан облысы аумағында карантиндік шараларды ұзарту туралы» Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №7 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Шығыс Қазақстан облысы аумағында одан әрі қолданылатын шаралар туралы

**№ 9
ҚАУЛЫ**

2020 жылғы 14 мамыр

Өскемен қаласы

Мен, Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Г.Ж. Тагаева, **құжаттарды:**

«Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 10 мамырдағы №36 қаулысын (бұдан әрі - №36 қаулы),

Қазақстан Республикасында, Шығыс Қазақстан облысында және Ресей Федерациясында COVID-19 туындаған коронавирустық инфекция бойынша санитариялық-эпидемиологиялық ахуалдың жедел мәліметтерін **қарап,**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 21-бабы 13-тармағы 4) тармақшасының негізінде»,

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Семей қаласын қоспағанда, облыстың аудандары мен қалаларының аумағында 2020 жылғы 16 мамырдан бастап санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтай отырып, келесі кәсіпкерлік объектілердің жұмысына қатысты карантинді жеңілдетуге кезең-кезеңмен көшуге рұқсат етілсін:

1) ауданы 500 м² -ден 2000 м² дейінгі азық-түлік тауарларын сатпайтын көтерме, көтерме-бөлшек және бөлшек сауда объектілері;

2) кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, тек ашық алаңдарда қоғамдық тамақтану объектілері (мейрамханалар, кофеханалар, дәмханалар, банкет залдары, асханалар, дөнер дәмханалары, барлар).

Кейіннен жұмыс режиміне көшу Шығыс Қазақстан облысы аумағында коронавирустық инфекцияның таралуы және оның таралу қарқыны бойынша эпидемиологиялық ахуалға байланысты Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қосымша қаулысымен регламенттелетін болады.

2. Семей қаласын қоспағанда, аудандар мен қалалардың әкімдіктері 2020 жылғы 16 мамырдан бастап:

1) кіруді/шығуды бақылау үшін аудандар мен қалалардың сыртқы шекараларындағы блокпосттардың жұмысын қамтамасыз етсін.

Сыртқы блокпосттардың жұмыс істеу тәртібі мен мерзімдері COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгертілуі мүмкін;

2) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді міндетті түрде сақтай отырып, аудандар мен қалалардың сыртқы блокпосттарында қызыл немесе көк түсті арнайы рұқсаттамалар бойынша көліктің кіруіне/шығуына рұқсат берілсін.

Қызыл түсті рұқсаттама қаланың, ауданның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету бойынша қызметтік міндеттерін атқаратын адамдардың жүріп-тұруына арналған.

Көк түсті рұқсаттама қаланың, ауданның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін негізгі кәсіпорындарға және жол немесе бағыт парағы болған жағдайда өнеркәсіп кәсіпорындарына қызмет көрсететін кәсіпорындар мен заңды тұлғаларға арналған.

3) арнайы рұқсаттамасыз аудандар мен қалалардың сыртқы блокпосттары арқылы кіруге/шығуға мыналарға рұқсат берілсін:

- халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету ұйымдарының қызметкерлері;
- медициналық көрсеткіштер бойынша кіретін /шығатын адамдар;
- стационарларда емделуде, карантиндік және провизорлық стационарларда бақылауда болған адамдар;
- жүктерді транзиттік автотасымалдаушылар;
- вахталық қызметкерлерді тасымалдайтын көлік құралдары;
- растайтын құжаттарды (мемлекеттік тіркеу куәлігін (шаруа қожалығы, фермерлік шаруашылық, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, кредиттік серіктестік және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын), жеке куәлікті, сондай-ақ жұмыскерлер үшін жұмыс орнынан анықтаманы (мөрмен куәландырылған еркін үлгідегі анықтама) ұсынған кезде көктемгі егіс жұмыстарын, табиғатты қорғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы іс-шараларын жүргізуге тартылған көліктер мен адамдар;
- тұрақты тұратын жеріне қайтып келген адамдар.

Осы қаулыны қоспағанда, адамдардың жекелеген санаттарына аудандар мен қалалардың сыртқы блокпосттары арқылы шығуына және кіруіне рұқсат жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша берілуі мүмкін.

COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралу жағдайы өзгерген кезде өткізу режимі өзгертілуі мүмкін;

4) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, қоғамдық көліктің жұмысы қайта басталсын;

5) халықтың жаяу жүруі және жеке автомобиль көлігінің уақыт, апта күндері (жұп және тақ) және аудандар мен қалалар аумағының ішінде рұқсаттамалармен жүруі бойынша барлық шектеулердің күші жойылсын.

Саяжай учаскесіне құқық белгілейтін құжаттарды ұсынған кезде аудандар мен қалалардың аумақтарынан тыс орналасқан саяжайларға шығуға рұқсат етілсін;

6) қызметін қайта бастауға жататын кәсіпкерлік субъектілерінің бизнес объектілерінің жұмыс режимін және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтауына мобилді топтармен мониторинг және іріктеп тексеру жүргізілсін;

7) халықтың елді мекендерде, саяжай алаптарында және қоғамдық көлікте жүріп-тұруы кезінде маскалық режимді және әлеуметтік қашықтықты сақтауы қамтамасыз етілсін.

3. Күршім, Катонқарағай, Көкпекті, Зайсан, Алтай аудандарында және Риддер қаласында COVID-19 коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылық жағдайының тіркелмегендігін, сондай-ақ эпидемиологиялық қолайсыз Алматы, Қарағанды, Павлодар облыстарымен, Семей қаласымен (ШҚО) және Ресей Федерациясының өңірлерімен шектеспейтіндігін ескере отырып, 2020 жылғы 16 мамырдан бастап күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, келесі кәсіпкерлік объектілерінің жұмысы қайта басталсын:

1) білім беру орталықтары, үйірмелер, артклубтар, балалардың бос уақытын өткізу орындары, барлық меншік нысанындағы балабақшалар және т. б.;

2) ойын-сауық объектілері (интернет-клубтар, букмекерлік, бильярд, караоке, PS-клубтар, квесттер, антикафелер, боулинг-орталықтары, түнгі клубтар, барлар, кальян шегу орындары және т. б.);

3) автобазарлар;

4) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қоғамдық тамақтану объектілері;

5) азық-түлік сатпайтын және әмбебап базарлар (ғимараттардан тыс);

6) спорт объектілері (30 адамға дейінгі топтар үшін оқу-жаттығу процесін жүргізу);

7) мәдениет объектілері (жеке және 30 адамға дейінгі топтық дайындық);

8) санитариялық нормаларды сақтай отырып, жалпы пайдалы алаңның 30% - ынан артық толмаған кезде діни ғибадат объектілері;

9) халыққа қызмет көрсету объектілері: баспаханалық қызметтер, тігін ательелері, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу бойынша сервистер және жиналуды, ұзақ және тығыз байланысты болдырмайтын өзге де объектілер;

және төтенше жағдай мен карантинге байланысты шектеулер кезеңінде қызметі уақытша тоқтатылған шағын және орта бизнестің басқа да объектілері.

4. Жұмыс режиміне көшуге жататын кәсіпорындар мен кәсіпкерлік субъектілері үшін санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормалары осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

5. Қызметін қайта бастауға рұқсат етілген кәсіпкерлік субъектілері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес міндетті санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларының сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Аудандық, қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармалары:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің міндетті санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтауын бақылауды қамтамасыз етсін;

2) бизнес объектілерінде міндетті санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормалары сақталмаған жағдайда кәсіпкерлік субъектілеріне шаралар қолдансын;

3) COVID-19 туындаған коронавирустық инфекцияның таралуының профилактикасы және алдын алу бойынша санитариялық-ағарту және түсіндіру жұмыстарын, оның ішінде жадынамалар таратуды жүргізсін.

7. «Шығыс Қазақстан облысының аумағында карантиндік шараларды ұзарту туралы» Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 7 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

4-тармақтың 1) тармақшасына:

жетінші абзац келесі редакцияда жазылсын:

«2020 жылғы 16 мамырдан бастап:».

8. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

9. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволар назарына жеткізілсін, халық БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

10. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және оның ресми күші жойылғанға дейін қолданылады.

М. О
Шығыс Қазақстан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері




Г. Тагаева
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

Қаулыны қабылдадым

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, алған күні, қолы)

Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 14 мамырдағы
№ 9 қаулысына
1-қосымша

Кәсіпорындар және кәсіпкерлік субъектілер үшін санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормалары

Жалпы талаптар:

1. Объектіге (ұйымға) инфекцияның әкелінуін болдырмау.

1) Күн сайын жұмыс ауысымы басталар алдында қызметкердің дене температурасына бақылау жүргізумен және дене температурасы жоғары немесе инфекциялық ауру белгілері бар адамдарды жұмыс орнында қалуын міндетті түрде шеттетуге; қызметкердің және онымен бірге тұратын адамдардың денсаулық жағдайын, басқа елден немесе облыстан, ауданнан келген науқастармен немесе адамдармен болуы мүмкін байланыстар туралы ақпаратты (сұрақ-жауап, сауалнама және т.б.) нақтылаумен «кіру сүзгісін» ұйымдастыру ұсынылады.

2) Объектіге кіреберісте қолды теріге арналған антисептиктермен (оның ішінде орнатылған мөлшерлегіштердің көмегімен) немесе дезинфекциялаушы майлықтармен өңдеу орынын ұйымдастыру.

3) Объектіге (ұйымға) оның қызметіне байланысы жоқ тұлғалардың кіруін шектеу.

4) Дезинфекциялық құралдармен ылғалдай отырып, объектіге кіреберісте дезинфекциялық тосқауылдар (кілемшелер) қою.

5) Штаттық жұмыс режимін қысқарту.

6) Технологиялық процестерге және қызметтер көрсетуге қатыспайтын персоналдың қашықтан жұмыс режиміне барынша ауыстыру.

2. Объектідегі (ұйымдардағы) ұжымдарда инфекцияның таралуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдау.

1) Объектіде (ұйымдарда) инфекцияның ауа-тамшылары және байланыста болу механизмдерімен берілуін шектеу үшін қызметкерлер арасындағы байланыстарды қысқарту.

2) Үй-жайлардың ішінде, көшеде, олардың арасында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, кезектің түзілуіне жол бермеу, бір уақытта қызмет көрсетілетін келушілердің санын шектеу.

3) Объектіде (ұйымда) кез келген бұқаралық іс-шараларды өткізуді тоқтату, қызметкерлердің басқа ұжымдардың іс-шараларына қатысуына тыйым салу.

4) Тамақтануды тек қана тамақтану аймақтарында кесте бойынша ұйымдастыру, қызметкерлердің бір мезгілде тамақ ішуін және жиналуларын болдырмау,

5) Қоғамдық пайдалану орындарындағы дәретхана бөлмелерін қол жууға арналған сабынмен және тері антисептиктерімен өңдеуге арналған дозаторлармен жабдықтау.

6) Келушілермен жұмыс істеу кезінде байланыста болатын қызметкерлерді маскалар қорымен (жұмыс ауысымының ұзақтығын және 3 сағатта 1 реттен кем емес маскаларды ауыстыруды ескере отырып), сондай-ақ дезинфекциялық майлыктармен, қолды өңдеуге арналған антисептиктермен, дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету.

7) Күн сайын (ауысым сайын) қызметтік үй-жайларды және қоғамдық пайдалану орындарын (тамақ ішу, демалу бөлмелерін, дәретхана бөлмелерін) вирулицидті әсер ететін (вирустардың белсенділігін төмендетін) дезинфекциялық құралдарын қолдана отырып, ылғалды тазалау жүргізу. Барлық жанасатын беткейлерді (есік тұтқаларын, сөндіргіштерді, тұтқаларды, сүйеніштерді, үстелдердің бетін, орындықтардың арқалықтарын, ұйымдастыру техникасын және т.б.) әр 2-4 сағат сайын өңдеу жиілігімен дезинфекциялау.

8) Жуу және дезинфекциялық құралдарының, тыныс алу органдарын жеке қорғаныш құралдарының (маскалар, респираторлар), қолғаптардың кемінде бес күндік қорын қамтамасыз ету.

9) Бактерицидті сәулелендіру құралдарының қызметкерлері тұрақты болатын үй-жайларда рециркуляторлық типті ауаны қолдану ұсынылады.

10) Профилактикалық тексеруді, жөндеуді, оның ішінде сүзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету ұсынылады.

11) жұмыс үй-жайларын тұрақты желдету (әрбір 2 сағат сайын).

12) қызметкерлердің маскаларды/респираторларды жұмыс күні ішінде, оларды уақтылы ауыстыру шартымен қолдануын бақылауды күшейту, қолды антисептиктермен өңдеу.

3. Қызметкерлердің жұқтыруының алдын алу бойынша ұйымдастыру іс-шаралары.

1) Жұмыс күні ішінде алдын алу шараларын, жеке және қоғамдық гигиена ережелерін: қолды сабынмен тұрақты жуу немесе теріге арналған антисептиктермен өңдеу режимін сақтау қажеттілігі туралы қызметкерлерді хабардар ету.

2) Қызметкерлерді іссапарларға жіберуді шектеу.

3) Қауіп-қатер тобына жататын 65 жастан асқан, сондай-ақ созылмалы аурулары бар, иммунитеті төмендеген адамдарды, жүкті әйелдерді COVID-19 жаңа коронавирустық инфекцияның көтерілуі және сырқаттанушылықтың жоғары деңгейі кезеңінде өзін-өзі оқшаулау режимін қамтамасыз ете отырып, жұмыстан уақытша шеттету немесе қашықтықтан жұмыс істеу түріне ауыстыру ұсынылады.

4) Жұмыс күні ішінде қызметкерлерді термометриямен (кәсіпорында медициналық персонал болған жағдайда) респираторлық аурулар белгілеріне тексеруді ұйымдастыру.

5) Персоналды міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін жұмыстарға (тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету ұйымдарының, су құбыры құрылыстарының, білім беру ұйымдарының қызметкерлері) медициналық қарап-тексерулердің өзекті нәтижелерінсіз жол бермеу.

6) Объектіде санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі жауапты тұлғаны анықтау және бекіту.

7) Қызметкерлерді қызметтік автокөлікпен жұмысқа және жұмыстан орталықтандырылған жеткізуді қамтамасыз ету, бұл ретте жүргізушіні қолды өңдеуге арналған антисептикпен және қорғаныш құралдарымен (маскалар мен қолғаптар, арнайы киім, көзді қорғау құралдары/бет маскасы және т.б.), оларды міндетті түрде талап етілетін жиілікпен ауыстыра отырып қамтамасыз ету, сондай-ақ әрбір рейстің алдында автокөлік салонына кейіннен желдетумен дезинфекция жүргізу ұсынылады. Қызметкерлерді автокөлік салонына отырғызу маскамен рұқсат етіледі.

8) Келушілерге арналған COVID-19-ды алдын алу жөніндегі жадынамаларды көрнекі қолжетімді орындарда (ақпаратқа арналған стендтер, кіру тобы) орналастыруды қамтамасыз ету.

9) Дезинфекция жүргізу үшін аптасына кемінде 1 рет объектіні жаба отырып, міндетті санитарлық күн өткізуді қамтамасыз ету.

10) Объектілерде клиенттердің маскалық жұмыс режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету.

Жеке талаптар:

Қызмет түрлері	Жұмыс істеу шарттары
ауданы 500 шаршы метрден 2000 шаршы метрге дейінгі азық-түлік емес тауарлармен көтерме, көтерме-бөлшек және (немесе) бөлшек сауда объектілері;	<ul style="list-style-type: none"> • Бір мезгілде келушілердің жалпы саны 50 адамнан аспайды. • Кеңесші мен сатып алушы арасында кемінде 2 метр қашықтықты мұлтіксіз сақтау. • Клиенттермен және азаматтармен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды ұсыну. • 5 адамнан артық кезектің түзілуіне жол бермеу. • Аумақта кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтау. • Әр 2 метр сайын қашықтық сызығымен кассалар жанында клиенттерге арналған қозғалыс жолақтарын орналастыру ұсынылады. • Санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды қамтамасыз ете отырып және тапсырыс берушімен тікелей (жақын) байланысты қоспағанда, тауарларды үйге жеткізіп, онлайн сату мен төлемді қолдану, сондай-ақ тұтынушылардан тапсырыстарды қашықтықтан алу туралы мәселені пысықтап, кейіннен сатып алушыға жинақталған тапсырысты беру ұсынылады.
кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, тек ашық алаңдарда қоғамдық	<ul style="list-style-type: none"> • Тек ашық алаңдарда жұмыс істеуге рұқсат етіледі. • Бір мезгілде қызмет көрсетілетін келушілердің санын шектеу. • Үстелдерді, орындықтарды және басқа да құралдардың арасын кемінде 2 метр

<p>тамақтану объектілері (мейрамханалар, кофеханалар, дәмханалар, банкет залдары, асханалар, донер дәмханалары, барлар)</p>	<p>арақашықтықта орналастыруды қамтамасыз ету.</p> <ul style="list-style-type: none"> • 5 адамнан артық кезектің түзілуіне жол бермеу, олардың арасындағы кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, бір уақытта қызмет көрсетілетін келушілердің санын шектеу. • Әр 2 метр сайын қашықтық сызығымен кассалар жанында клиенттерге арналған қозғалыс жолақтарын орналастыру ұсынылады.
<p>білім беру орталықтары, үйірмелер, арт клубтар, балалардың бос уақытын өткізу орындары, барлық меншік нысанындағы балабақшалар және т. б.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Бір мезгілде келуші азаматтардың жалпы саны 1 адамға залдың жалпы ауданынан кемінде 6 шаршы метр есеппен жүзеге асырылады. • Аумақта кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтау. • Әр екі сағат сайын және келушілер тобына қызмет көрсетілгеннен кейін үй-жайларды желдету.
<p>ойын-сауық объектілері (интернет-клубтар, букмекерлік, бильярд, караоке, PS-клубтар, квесттер, антикафе, боулинг-орталықтар, түнгі клубтар, барлар, кальян шегу орындары және т. б.)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Бір мезгілде отыратын орын санының 50% -нан аспайтын клиенттерге қызмет көрсетілуі мүмкін. • Әр екі сағат сайын немесе әрбір келушіден кейін үй-жайды желдету. • Келушілердің арасында кемінде 2 метр арақашықтық болатындай етіп, үстелдерді, орындықтарды және басқа да құралдарды орналастыруды қамтамасыз ету.
<p>автобазарлар</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Сауда орындарын бір сауда орнынан кейін орналастыру. • Аумақта кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтау.
<p>кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қоғамдық тамақтандыру объектілері</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Үстелдердің, орындықтардың және басқа да құралдардың орналасуын қамтамасыз етуді ескере отырып, келушілердің үстелдері арасындағы қашықтық кемінде 2 метр болатындай етіп, адамдарды бір үстелде 3-тен артық орналастырмай, бір уақытта қызмет көрсетілетін келушілердің санын шектеу. • Асханада өзіне-өзі қызмет көрсету түрі бойынша таратуға жол берілмейді.

	<ul style="list-style-type: none"> • 5 адамнан артық кезектің түзілуіне жол бермеу, олардың арасындағы кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, бір уақытта қызмет көрсетілетін келушілердің санын шектеу. • Әр екі сағат сайын және келушілер тобына қызмет көрсетілгеннен кейін үй-жайларды желдету. • Әр 2 метр сайын қашықтық сызығымен кассалар жанында клиенттерге арналған қозғалыс жолақтарын орналастыру ұсынылады.
азық-түлік сатпайтын және әмбебап базарлары (ғимараттардан тыс)	<ul style="list-style-type: none"> • Сауда орындарын бір сауда орнынан кейін орналастыру. • 5 адамнан артық кезектің түзілуіне жол бермеу, олардың арасындағы кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, бір уақытта қызмет көрсетілетін келушілердің санын шектеу. • Аумақта кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтау.
спорт объектілерінің қызметі (30 адамға дейінгі топтар үшін оқу-жаттығу процесін өткізу)	<ul style="list-style-type: none"> • Оқу-жаттығу процесіне бір уақытта 30 адамға дейінгі топтар қатыса алады. • Киім шешінетін жердегі шкафтарды, кабинкаларды біреуден кейін пайдалану. • Әр екі сағат сайын және келушілер тобына қызмет көрсетілгеннен кейін үй-жайларды желдету.
мәдениет объектілерінің жұмысы (жеке және 30 адамға дейінгі топтық дайындық)	<ul style="list-style-type: none"> • Жеке және 30 адамға дейінгі топтық дайындыққа рұқсат етіледі. • Әр екі сағат сайын және келушілер тобына қызмет көрсетілгеннен кейін үй-жайларды желдету.
халыққа қызмет көрсету объектілері: баспаханалық қызметтер, тігін ательелері, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу бойынша сервистер және жиналуды, ұзақ және тығыз байланысты болдырмайтын өзге де объектілер	<ul style="list-style-type: none"> • 1 клиентке қызмет көрсету. • Кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтау. • Әр екі сағат сайын және келушілер тобына қызмет көрсетілгеннен кейін үй-жайларды желдету.